**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 8 қарашадағы N 1067 Қаулысы

*Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен кері қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2008.06.05. N* 538 *Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

*Жоба*

**Қазақстан Республикасының Заңы**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; 2005 ж., N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 2, 19-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 72-құжат; N 15 92-құжат):

1) 15-баптың екінші бөлігінде:

"автомобильді" деген сөз "автомобиль" деген сөзбен ауыстырылсын;

"қатынас жолдарын" деген сөздер "көлік коммуникацияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 183-баптың екінші бөлігінің а) тармағындағы "автомобиль" деген сөз "автомобиль көлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 185-баптың тақырыбындағы және бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "

автомобильді" деген сөз "автомобиль" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 239-бапта:

тақырыбындағы "немесе" деген сөз ", теңіз немесе ішкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "әуе" деген сөзден кейінгі "немесе" деген сөз ", теңіз немесе ішкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 240-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 288-баптың бірінші бөлігінде:

б) тармағы алынып тасталсын;

г) тармағында "ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен" деген сөздер алынып тасталсын;

7) 295-бапта:

тақырыбындағы "немесе" деген сөз ", теңіз немесе ішкі" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертудегі "өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 296-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "автомобильді, троллейбусты, трамвайды" деген сөздер "автомобиль, қалалық электр" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 298-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "қатынас жолдарын" деген сөздер "көлік коммуникацияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 299-бапта:

тақырыбындағы "қатынас жолдарын" деген сөздер "көлік коммуникацияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "қатынас жолдарын" деген сөздер "көлік коммуникацияларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 302-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "және жолдарды" деген сөздер "және автомобиль жолдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 391-бапта:

тақырыбындағы "машиналарды" деген сөз "Әскери, арнайы және мамандандырылған көлік құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын; бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "Әскери, арнаулы немесе көліктік машинаны" деген сөздер "Әскери, арнайы және мамандандырылған көлік құралдарын" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 16-17, 642-құжат; N 23, 929-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 10, 244-құжат; N 22, 408-құжат

; 2001 ж., N 23, 309-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 7-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 14, 103-құжат; N 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., N 3-4, 16-құжат; N 5, 25-құжат; N 6, 42-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 21-22, 87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 4, 24, 25-құжаттар; N 8, 45-құжат; N 11, 55-құжат; N 13, 85-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "көлік туралы заң актілерімен" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік заңнамасымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 466-баптың 3-тармағындағы "көлік қызметін реттейтін заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 689-баптың 2-тармағы "құжатын," деген сөзден кейін "тікелей аралас тасымал құжатын" деген сөздермен толықтырылсын;

4) 694-тармақта:

"бірыңғай көлік құжаты бойынша (тікелей аралас қатынас)" деген сөздер "тікелей аралас тасымал құжаты бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

"тікелей аралас тасымалдау туралы заң актілеріне" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 696-баптың 2 және 3-тармақтарындағы "және оларға сәйкес шығарылған ережелерде" деген сөздер алынып тасталсын;

6) 697-баптың 2-тармағындағы "көлік туралы заң актілерінде" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік және монополияға қарсы заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) 698-баптағы "және оларға сәйкес тасымалдау ережелерінде белгіленген" деген сөздер алынып тасталсын;

8) 700-баптың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Қазақстан Республикасының монополияға қарсы заңнамасына сәйкес белгіленген тариф бойынша ақы төлеп жүкті тасымалдауға өткізу.".

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139, 140-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; N 7-8, 19-құжат; N 9, 26-құжат; N 13, 53-құжат; N 14, 58-құжат; N 17-18, 72-құжат; 21-22, 86, 87-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 2, 19, 20-құжат; N 3, 22-құжат; N 5-6, 31-құжат; N 8, 45-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 72, 77-құжат; N 13, 85, 86-құжат; N 15, 92, 95-құжат; N 16, 98, 102-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 131-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "автомобильмен" деген сөз " автомобиль көлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 246-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "автомобильдерді, ұшақтарды, кемелерді" деген сөздер "автомобиль, әуе, ішкі су көлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) тақырыбындағы және 247-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы " автомотокөліктер" деген сөз "автомобиль көлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 298-бапта:

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әуе, автомобиль көлігін, оның ішінде қарда жүретін техниканы, жарылғыш заттарды, газдарды және қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің белгісін қамтымайтын, жануарлар дүниесін жаппай жоюдың өзге де тәсілдерін қолдана отырып, заңсыз аң аулау, сондай-ақ әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, бірінші бөлікте көзделген әрекеттер, -";

үшінші бөліктің бірінші абзацындағы "көзделген," деген сөзден кейін "қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттердің белгілерін қамтымайтын," деген сөздермен толықтырылсын;

6) 336-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "қоғамдық көлікте" деген сөздер "жалпы пайдаланымдағы көлікте" деген сөздермен ауыстырылсын;

7) мынадай мазмұндағы 361-1-баппен толықтырылсын:

"363-1 бап. Әскери-көліктік міндеттемелерді орындамау

Жұмылдыру кезеңінде және әскери уақытта Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, басқа әскерлерді және әскери құралымдарды көлік құралдарымен қамтамасыз ету үшін ұсынуға міндетті тұлғалар көлік құралдарын ұсынудан бас тарту, -

жеке тұлғаларға елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе ескертуге әкеп соғады.";

8) 439-баптың бесінші бөлігінің екінші абзацындағы "оннан" деген сөздер "бестен" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 441-баптың бірінші абзацындағы "автобустарды, троллейбустарды, трамвайларды" деген сөздер "жалпы пайдаланымдағы автомобиль көлігін, қалалық электр көлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 447-1-баптың бірінші бөлігінің 3) тармақшасының бірінші абзацындағы " қалааралық" деген сөз алынып тасталсын;

11) 447-2-баптың бірінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының автомобиль көлігі туралы заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік

заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 459-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Темір жол көлігі вагондарында, әуе, теңіз және ішкі су кемелерінде, сондай-ақ жалпы пайдаланымдағы автомобиль көлігі мен қалалық электр көлігінің салондарында белгіленбеген орындарда темекі шегу, - ";

13) 461-бапта:

6-1-бөліктің бірінші абзацындағы "автобусты, шағын автобусты" деген сөздер " жалпы пайдаланымдағы автомобиль көлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертуде:

"автомобильдердің" деген сөз "автомобиль көлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"трамвайларды, троллейбустарды" деген сөздер "қалалық электр көлігін" деген сөздермен ауыстырылсын;

14) 463-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацындағы "автомагистральдар" деген сөз "автомобиль жолдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 477-баптың төртінші бөлігінің бірінші абзацындағы "Автобуста, трамвайда, троллейбуста, маршрутты таксиде" деген сөздер "Ортақ пайдаланымдағы автомобиль көлігінде, қалалық электр көлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 478-баптың бірінші абзацындағы "трамвайларды, троллейбустарды, қалаішілік және қала маңы қатынастағы немесе такси көлігінде" деген сөздер "Ортақ пайдаланымдағы автомобиль көлігінде, қалалық электр көлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 479-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"479-бап. Жолаушылардың билетсіз жол жүруі және оларды билетсіз алып жүру

1. Жолаушылардың билетсіз ұшуы және оларды билетсіз алып ұшу:

1) халықаралық қатынастағы әуе көлігінде -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2) облысаралық қатынастағы әуе көлігінде -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3) облысішілік қатынастағы әуе көлігінде -

бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет:

1) халықаралық қатынастағы әуе көлігінде -

қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2) облысаралық қатынастағы әуе көлігінде -

жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3) облысішілік қатынастағы әуе көлігінде -

он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3. Жолаушылардың билетсіз жол жүруі және оларды билетсіз алып жүру:

1) халықаралық қатынастағы темір жол көлігінде - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2) облысаралық қатынастағы темір жол көлігінде - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы темір жол көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

4) халықаралық қатынастағы теңіз көлігінде - үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

5) облысаралық қатынастағы теңіз көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

6) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы теңіз көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

7) халықаралық қатынастағы ішкі су көлігінде - үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

8) облысаралық қатынастағы ішкі су көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

9) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы ішкі су көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

10) қалалық және қала маңы қатынастағы ортақ пайдаланымдағы автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде - айлық есептік көрсеткіштің үштен бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

11) облысішілік және облысаралық қатынастағы ортақ пайдаланымдағы автомобиль көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

12) облысішілік қатынастағы автомобиль көлігінде - үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

13) халықаралық қатынастағы автомобиль көлігінде - бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет:

1) халықаралық қатынастағы темір жол көлігінде - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

2) облысаралық қатынастағы темір жол көлігінде - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

3) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы темір жол көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;

4) халықаралық қатынастағы теңіз көлігінде -

төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
5) облысаралық қатынастағы теңіз көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
6) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы теңіз көлігінде - үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
7) халықаралық қатынастағы ішкі су көлігінде - төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
8) облысаралық қатынастағы ішкі су көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
9) облысішілік, қалалық және қала маңы қатынастағы ішкі су көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
10) қалалық және қала маңы қатынастағы автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде - айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
11) облысішілік қатынастағы автомобиль көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
12) облысаралық қатынастағы автомобиль көлігінде - төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
13) халықаралық қатынастағы автомобиль көлігінде - сегіз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
5. Жеті жастан он бес жасқа дейінгі балаларды билетсіз алып жүру:
1) халықаралық, облысаралық және облысішілік қатынастағы темір жол, әуе, теңіз, ішкі су көлігінде - екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
2) қалалық және қала маңы қатынастағы темір жол, теңіз, ішкі су көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
3) қалалық және қала маңы қатынастағы ортақ пайдаланымдағы автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде - айлық есептік көрсеткіштің бесінен бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
4) халықаралық қатынастағы-автомобиль көлігінде - бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет:
1) халықаралық, облысаралық және облысішілік қатынастағы темір жол, әуе, теңіз, ішкі су көлігінде - төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
2) қалалық және қала маңы қатынастағы темір жол, теңіз, ішкі су көлігінде -

екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
3) қалалық және қала маңы қатынастағы автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде -
айлық есептік көрсеткіштің үштен бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады;
4) халықаралық қатынастағы автомобиль көлігінде -
екі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.
7. Көлік қызметкерлерінің жолаушылардың билетсіз жол жүруіне ымыраласуы -
он айлық есептік көрсеткіш мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады;
8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет, - он бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";
18) 480-бапта:
бірінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің екіден бір бөлігі" деген сөздер "бір айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы "айлық есептік көрсеткіштің оннан бір бөлігі" деген сөздер "бір айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;
үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
"3. Қалалық және қала маңы қатынастағы автомобиль көлігінде және қалалық электр көлігінде ақысы төленбеген теңдеме жүкті алып жүру -
теңдеме жүктің әрбір орны үшін айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады";
төртінші бөліктің бірінші абзацындағы "Қалааралық қатынастағы автобуста" деген сөздер "Жалпы пайдаланымдағы облысаралық қатынастағы автомобиль көлігінде" деген сөздермен ауыстырылсын;
19) 481-баптың екінші бөлігінің бірінші абзацындағы "автомобильдердің" деген сөз "автомобиль көлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;
20) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "363," деген саннан кейін "363-1," деген сандармен толықтырылсын;
21) 543-бапта:
мемлекеттік тілдегі мәтінде бірінші бөлігі өзгеріссіз қалдырылсын;
екінші бөлікте:
3) тармақшадағы "477, (бірінші, екінші, төртінші бөліктерінде)," деген сөзден кейін "479 (темір жол көлігіндегі құқық бұзушылық бөлігінде үшінші және төртінші бөліктерімен)," деген сөздермен толықтырылсын;
7) тармақшадағы "электр көлігімен" деген сөздер "қалалық электр көлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;
22) 636-баптың 1) тармақшасының бірінші бөлігінде: екінші абзац "363," деген саннан кейін "363-1," деген сандармен толықтырылсын;

бесінші абзац "жиынға" деген сөздің алдынан "әскери" деген сөзбен толықтырылсын, "388," деген саннан кейін "442 (мемлекеттік авиация бөлігінде)", деген сөздермен толықтырылсын;

жиырма бірінші абзацтағы "442" деген саннан кейін "(азаматтық және сынақ авиациясы бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінде екінші бөліктің екінші абзацы өзгеріссіз қалдырылсын.

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж ., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11 , 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 21-22, 86-87-құжат; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 1, 4, 5-құжаттар; N 3, 22-құжат; N 4, 24-құжат; N 8, 45, 46-құжат; N 10, 52-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 77, 79-құжат; N 13, 85-құжат; N 16, 97, 98 103-құжат):

1) бүкіл мәтін бойынша "кеме жүретін су жолдарын", "Қазақстан Республикасының кеме жүретін су жолдарын" деген сөздер "кеме жүру үшін ашылған ішкі су жолдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 226-баптың 2-тармағындағы "автомобильдерді" деген сөз "автомобиль" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) мемлекеттік тілдегі мәтінде 235-баптың 2-тармағының 4) тармақшасы өзгеріссіз қалдырылсын;

4) 371-баптың 4-тармағының 6) тармақшасының он екінші абзацындағы "өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 374-баптың 4-тармағының төртінші бөлігінде:

"заң актілерінде" деген сөз "көлік заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

"автомобиль көлігі саласындағы" деген сөздер "көлік және коммуникация саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 423-бапта:

4) тармақшада "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармағының бірінші бөлігінде:

"көлік" деген сөзден кейін "және коммуникация" деген сөздермен толықтырылсын;

"мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

7) 425-бапта:

мәтінде "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

2-тармағының бірінші бөлігінде "көлік" деген сөзден кейін "және коммуникация" деген сөздермен толықтырылсын;

8) 453-баптың 1-тармағының 3) тармақшасы "тасымалдау" деген сөзден кейін "теңіз және ішкі" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 485-баптың 2 және 4-тармақтарындағы "көліктік бақылау мәселелері жөніндегі" деген сөздер "көлік және коммуникация саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 488-бапта:

2 және 4-тармақтардағы "көліктік бақылау мәселелері жөніндегі" деген сөз "көлік және коммуникация саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының кеме жүзетін су жолдарында" деген сөздер "кеме жүзуге ашық ішкі су жолдарында" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 489-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасындағы "автомобиль жолдарының мәселелері жөніндегі ( бұдан әрі - жол органы)" деген сөздер "Көлік және коммуникация саласындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтағы "Жол органдары" деген сөздер "Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 492-баптың 3-тармағындағы "жол органына" деген сөздер "көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

5. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат; 2004 ж., N 18, 106-құжат; 2005 ж., N 11, 43-құжат; N 21-22, 86-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат):

1) 53-баптың 2-тармақшасы "аумағына" деген сөзден кейін "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 55-баптың 4) тармақшасындағы "құбыр" деген сөздің алдында "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын;

3) 72-баптың екінші бөлігінде "ережелері" деген сөзден кейін "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын;

4) 93-баптың 1-тармағындағы "орындарына," деген сөзден кейін "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын.

6. 2003 жылғы 5 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжат; N 16, 97-құжат):

1) 107-баптың 3-тармағының 4) тармақшасында:

"өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

"әуе және" деген сөздерден кейін "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 113-баптың 2-тармағындағы "Қазақстан Республикасының көлік туралы заңдарында" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік заңнамасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 118-бапта:

баптың тақырыбындағы "Құбыр" деген сөздің алдынан "Магистральды" деген сөзбен толықтырылсын;

бірінші бөлігінде "Құбыр", "құбыр" деген сөздердің алдынан "магистральды" деген сөзбен толықтырылсын.

7. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 140-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 16, 97-құжат):

53-баптың 3-тармағындағы "жол" деген сөз "коммуникация" деген сөзбен ауыстырылсын.

8. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат):

1) 10-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Кеме қатынасы мен саудалық теңізде жүзуді жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының көлік заңнамасымен реттеледі.";

2) 105-баптың 3-тармағындағы "кеме қатынасы үшін ашық" деген сөздерден кейін " кеме қатынасы" деген сөздер "ішкі" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 125-баптың 1-тармағындағы және 126-баптың 1-тармағындағы "су көлігі органдарымен" деген сөздер "көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органмен" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 2004 жылғы 24 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 8-9, 53-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140, 142-құжаттар; 2005 ж., N 14, 55-құжат; N 21-22, 87-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 8, 45-құжат; N 12, 79-құжат; N 13, 86-құжат; N 16, 97-құжат):

1) 51-баптың 1-тармағы 10) тармақшасының екінші абзацындағы "ауданаралық ( қалааралық)" деген сөздер "облысішілік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 52-баптың 1-тармағы 10) тармақшасының екінші абзацындағы "ішкі" деген сөз " қалалық, қала маңы" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 23, 142-құжат):

36-баптың бесінші бөлігінде:

"жолдар бойымен көліктің" деген сөздер "көлік коммуникациялары бойынша көлік құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

"мұндай жолдар арқылы көліктің" деген сөздер "көлік құралдарының" деген сөздермен ауыстырылсын.

11. "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі Қазақстан Республикасының

Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат ; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің ведомосы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжат; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 16, 219-құжат; N 17-18, 222, 224, 225-құжат; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165 -құжат; 2003 ж., N 1-2, 2-құжат; N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжат; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 5, 27-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат, N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; N 11, 37-құжат; N 14, 55, 58-құжаттар; N 23, 104-құжат; 2006 ж., N 8, 45-құжат; N 13, 85-құжат; N 15, 92-құжат; N 16, 97-құжат):

9-баптың 1-тармағының 20) тармақшасында:

"өзен" деген сөз "ішкі су" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жолаушыларды және жүктерді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау" деген сөздер "халықаралық қатынаста жолаушыларды және жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау" деген сөздермен ауыстырылсын.

12. "Нотариат туралы" 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 13-14, 206-құжат; 1998 ж., N 22, 307-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 15-16, 236-құжат; N 24, 338-құжат; 2003 ж., N 10, 48-құжат; N 12, 86-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 11, 55-құжат):

1) 37-баптың бірінші бөлігінің 5) тармақшасындағы "суларда жүзіп жүрген кемелердегі" деген сөздер "су көлігі кемелерінде жүзіп жүрген" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 95-баптың 3-тармағындағы және 96-баптың 1-тармағының бірінші бөлігіндегі "теңіз саудасын реттейтін заңдарға" деген сөздер "Қазақстан Республикасының көлік заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын.

13. "Мемлекеттік құпиялар туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 4, 102-құжат; 2001 ж., N 8, 53-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2004 ж., N 6, 41-құжат):

12-бапта:

23) тармақшадағы "көлік желілерінің, көлік құралдарының" деген сөздер "көлік құралдарының, көлік инфрақұрылымының жай-күйін" деген сөздермен ауыстырылсын;

24) тармақшада:

"темір жолдардың" деген сөздер "темір жол көлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

"темір жолдардың", "темір жолмен" деген сөздер алынып тасталсын.

14. "Білім туралы" 1999 жылғы 7 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 12, 71-құжат; N 15, 92-құжат):

бүкіл мәтін бойынша "қоғамдық көлікте" деген сөздер "жалпы пайдаланымдағы көлікте" деген сөздермен ауыстырылсын.

15. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 142-құжат; N 24, 144-құжат; 2005 ж., N 7-8, 23-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 13, 86, 87-құжат; N 15, 92, 95-құжат; N 16, 99-құжат):

1) 27-баптың 1-тармағының 13) тармақшасындағы "ауданаралық (қалааралық)" деген сөздер "облысішілік" деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 31-баптың 1-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"9) қалаішілік және қала маңы қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын ұйымдастырады;".

16. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 243-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 6, 10-құжат; N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат):

1-баптың 56-тармағы алынып тасталсын.

17. "Темекі шегушіліктің алдын алу және оны шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 15, 149-құжат):

9-бапта:

баптың тақырыбында "қоғамдық көлікте" деген сөздер "жалпы пайдаланымдағы көлікте" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақтың 6) және 7) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"6) темір жол көлігі вагондарында, әуе, теңіз және ішкі су көлігі кемелерінде белгіленбеген орындарда, сондай-ақ жалпы пайдаланымдағы автомобиль көлігі және қалалық электр көлігі салондарында;

7) әуежайлардың, теңіз және өзен порттар, вокзалдар мен станциялар ғимараттарында;".

18. "Соғыс жағдайы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5

наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 4, 22-құжат; 2005 ж., N 14, 56-құжат):

1-баптың 1) тармақшасының алтыншы абзацындағы "Қазақстан Республикасының теңізде жүзетін сауда немесе азаматтық авиация Кемесіне" деген сөздер "теңіз және әуе кемесіне" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" 2003 жылғы 7 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 6, 33-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; N 15, 95-құжат):

6-баптың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті орган мұнай өнімдерін тасымалдау кезінде тасымалдаушылардың технологиялық талаптарды қамтамасыз етуін бақылауды жүзеге асырады.".

20. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 1 шілдедегі Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 14, 104-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 4, 25-құжат):

1) 1-баптың 6) тармақшасы алынып тасталсын:

2) 5-баптың 1 және 4-тармақтарындағы "трамвайлар мен троллейбустар" деген сөздер "қалалық электр көлігі" деген сөздермен ауыстырылсын.

21. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат):

1) 30 баптың 2-тармағындағы "Облыс ішіндегі қалааралық, облысаралық және халықаралық бағдарлар бойынша" деген сөздер "Облысішілік, облысаралық және халықаралық қатынастар үшін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 31 баптың 4-тармағындағы "автомобиль және темір жолдар," деген сөздер " автомобиль жолы, темір жол" деген сөздермен ауыстырылсын.

22. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 16, 95-құжат):

6-баптың 4) тармақшасында:

"қоғамдық көлікте" деген сөздер "жалпы пайдаланымдағы көлікте" деген сөздермен ауыстырылсын;

"шешімі бойынша" деген сөздерден кейін "меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамай" деген сөздермен толықтырылсын.

23. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 18, 107-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат):

1) 17-баптың 2-тармағындағы "Темір жол, тас жол, құбыр тарту және басқа көлік магистральдарын," деген сөздер "Көлік коммуникацияларын, магистральды құбыржолдарын," деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 39-баптың 4-тармағының 1) тармақшасындағы "жерлерде" деген сөзден кейін " теңіз және ішкі" деген сөздермен толықтырылсын.

24. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 2005 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2005 ж., N 1-2, 1-құжат):

1-баптың 23) тармақшасындағы "көлік құрылыстарын, жол желілерін" деген сөздер "көлік инфрақұрылымын" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап** . Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап 10 күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК